

ТҮСІНІК ХАТ

«Оқу және тіл дамыту» пәнінен 7-8 -сыныбына арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар жаңартылған білім мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі №469 бұйрығына 72- қосымшадағы «Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін «Оқу және тіл дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша құрылды.

Оқу пәнінің мақсаты – оқыған материалды дұрыс, жылдам, саналы түрде түсініп және мәнерлеп оқуға дағдыландыру, байланыстырып сөйлеуін дамыту, көркем шығармаларды қабылдау мен талдау негізінде білім алушылардың коммуникативті дағдыларын жетілдіру және рухани құндылықтарын қалыптастыру.

Міндеттері:

- 1)білім алушылардың қазақ, орыс және әлем әдебиеті мен мәдениеті негізінде әлеуметтік тұрғыда табысты бейімделуіне ықпал жасайтын білімдерді, қабілеттерді, дағдыларды қалыптастыру;
- 2)білім алушылардың ұғымына лайықты мәтіндерді дауыстап және іштей оқу, оқыған шығармаларды саналы түрде түсіну дағдыларын қалыптастырып жетілдіру;
- 3)түрлі жанрдағы әдеби шығармаларды терең түсіну мен саралау негізінде коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- 4) оқушылардың байланыстырып сөйлеуін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойына тұжырымдама жасай білу, ұқсастық пен себептік-нәтижелік байланысты анықтау дағдыларын қалыптастыру;
- 5)оқушыларда адамгершілік қасиеттерін, еңбекке, Отанына деген сүйіспеншілігін қалыптастыру.

3.Тақырыптық- күнтізбелік жоспардың мазмұны заттық нәтижелерге қол жеткізуден басқа, түзету міндеттерін жүзеге асыру бойынша жүйелік жұмыстарды қарастырады: есту, есту-көру қабылдауын дамыту; сөздік қорын дамыту.

4. Оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдердің іске асырылуы оқушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы білім беру принциптеріне негізделген:

- 1) білім беру жүйесін оқушылардың даму ерекшеліктері мен деңгейіне және дайындығына сәйкес бейімдеу принципі;
- 2) оқытудың түзете-дамыта оқыту қағидасы оқушылардың ерекше білім алу қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады;

3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеушілік бағыты тұлғаның әлеуметтік бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды қарастырады. Оқушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

5. «Оқу және тіл дамыту» оқу пәнін оқыту процесінде «Қазақ тілі», «Орыс тілі», «Айналадағы әлем», «Математика», «Жаратылыстану», «География», «Қазақстан тарихы», «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау», «Бейнелеу өнері», «Музыка және ән», «Дене тәрбиесі» сабақтарымен пәнаралық байланыс орнатылады.

Пәнді оқыту барысында келесі тақырыптар қамтылады: қазақ халқының өмірі мен еңбегі, саяси-қоғамдық оқиғалар, кең-байтақ Ұлы Отанымыз, адамдардың достық қарым-қатынасы, бейбітшілік жолындағы қызметі; табиғат, оны қорғау; Тәуелсіздік күні, Президент күні, Астана күні, Конституция күні, Қазақстан халқының бірлігі мерекесі, Жеңіс күні, Балалар күні, Наурыз, Білім күні. Ұлы Отан соғысы кезіндегі ерліктер жөнінде жазылған әңгімелер, мақалалар, өлеңдер. Осы тақырыптар сыныптан сыныпқа қайталанып, күрделеніп, толықтырылып оқытылады.

6. «Оқу және тіл дамыту» пәнін оқыту лексикалық тақырыптар және жазушылар мен ақындардың шығармаларымен оқушыларды таныстыруды көздейді.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

7 – сынып аптасына- 3 сағат, оқу жылында – 102сағат.

8 – сынып аптасына- 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.